

М.Б. АМИРКАНОВ¹, А.М. КУДАЙБЕРГЕНОВА¹, Ю. ГЕЛИШЛИ²¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті²Гази университеті

✉ e-mail: make_210774@mail.ru

ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ӘЛЕУЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ

Аңдатпа. Мақалада жоғары білім беру жүйесінің жаһандану жағдайында шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық қырлары кешенді түрде қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – шетелдік білім алушылардың академиялық ортада толыққанды зерттеуші субъект ретінде қалыптасуына ықпал ететін тұлғалық, мотивациялық және әлеуметтік-педагогикалық факторларды айқындау.

Авторлар зерттеушілік әлеуетті көпқұрылымды феномен ретінде талдап, оның қалыптасуында ішкі мотивация, өзіндік ғылыми тиімділік, мәдени-әлеуметтік бейімделу, педагогикалық қолдау және білім беру ортасының ерекшеліктері маңызды рөл атқаратынын негіздейді. Сонымен қатар психологиялық және педагогикалық мәселелерді талдау арқылы шетелдік студенттердің ғылыми ізденіске деген қызығушылығын арттыратын негізгі факторлар анықталады.

Зерттеудің нәтижелері шетелдік студенттердің ғылыми әлеуетін тиімді пайдалану және оны әрі қарай дамыту үшін қажетті жағдайларды қалыптастыруға бағытталған практикалық ұсыныстарды қамтиды.

Зерттеу Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шетелдік студенттері арасында жүргізілген эмпирикалық деректерге негізделіп отырып жүзеге асырылды. Талдау нәтижелері шетелдік студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына жүйелі түрде тарту олардың танымдық белсенділігін арттырып, академиялық дербестігі мен кәсіби өзін-өзі дамытуына оң ықпал ететінін көрсетті. Мақалада алынған нәтижелер негізінде шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін тиімді дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық ұсыныстар беріледі.

Кілт сөздер: шетелдік студенттер, зерттеушілік әлеует, психологиялық-педагогикалық қолдау, ғылыми қызығушылық, академиялық орта, мотивация.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану жағдайында жоғары білім беру жүйесі халықаралық академиялық, ғылыми және ықпалдастықтың маңызды алаңына айналуға. Қазақстан жоғары оқу

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Амирканов М.Б., Кудайбергенова А.М., Гелишли Ю. Шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық қырлары // Yassawi Journal of Education Studies. – 2026. – №2 (140). – Б. 243-256. <https://doi.org/10.47526/3107-3123.47>

*Cite us correctly:

Amirkanov M.B., Kudaibergenova A.M., Gelishli Yu. Sheteldik studentterdin zertteushilik aleuetin qalyptastyrudyn psihologialyq-pedagogikalyq qyrlary [Psychological and Pedagogical Aspects of Developing the Research Potential of International Students] // Yassawi Journal of Education Studies. – 2026. – №2 (140). – Б. 243-256. <https://doi.org/10.47526/3107-3123.47>

Мақаланың редакцияға түскен күні 06.02.2026 / қабылданған күні 30.06.2026

орындарында шетелдік студенттер санының артуы олардың академиялық бейімделуімен қатар ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне тарту және зерттеушілік әлеуетін дамыту мәселесінің өзектілігін күшейтеді.

Шетелдік студенттердің университеттік ортаға табысты интеграциясы олардың зерттеушілік іс-әрекетке қатысуымен, ғылыми ойлау мәдениетін меңгеруімен және академиялық кеңістікте өзіндік орнын айқындауымен тығыз байланысты. Алайда тілдік және әлеуметтік-мәдени кедергілер, сондай-ақ жаңа білім беру талаптарына бейімделу қажеттілігі олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына толыққанды қатысуына белгілі бір қиындықтар туындатады.

Зерттеушілік әлеует тұлғаның танымдық қызығушылығы, шығармашылық ойлау қабілеті, ғылыми ақпаратты талдау және жалпылау дағдыларын біріктіретін кешенді құрылым ретінде қарастырылады. Ол студенттің ғылыми ізденіске даярлығын, дербес ойлауын және жаңа білім өндіруге бағытталған белсенділігін айқындайды. Осыған байланысты зерттеушілік әлеуетті дамыту жүйелі психологиялық-педагогикалық ықпалдарды, тиімді ғылыми жетекшілікті және қолайлы академиялық ортаны талап етеді.

Ғылыми әдебиеттерде зерттеушілік әлеуеттің мазмұны мен құрылымына қатысты әртүрлі көзқарастар ұсынылған. Мәселен, Н.В. Бордовская оны мотивациялық, когнитивтік және мінез-құлықтық компоненттердің өзара байланысына негізделген көпдеңгейлі жүйе ретінде сипаттайды [1]. Бұл тұжырым С.Н. Костромина, С.И. Розум еңбектерінде де қолдау тауып, зерттеушілік әлеуеттің танымдық белсенділікпен және креативтілікпен байланысы көрсетіледі.

Жоғары оқу орнында зерттеушілік әлеуетті дамыту мәселелері О.А. Чувгунова зерттеулерінде студенттердің когнитивтік ерекшеліктері мен педагогикалық қолдаудың өзара ықпалымен түсіндіріледі [2]. Бұл идеялар Л.С. Выготскийдің мәдени-әлеуметтік теориясымен үйлеседі [3]. Сонымен қатар, К.Б. Алипина мен А.А. Китапбаева ғылыми-зерттеу жұмысының тұлғаның интеллектуалдық дамуына ықпалын атап өтсе [4], А.М. Бостанова мен А.Т. Саттарбаева зерттеу дағдыларын меңгерудің студенттердің ғылыми белсенділігін арттырудағы маңызын негіздейді [5].

Осылайша, шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық қырларын зерттеу олардың академиялық бейімделуін қолдау мен ғылыми әлеуетін тиімді жүзеге асырудың маңызды шарты болып табылады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Аталған зерттеу шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін қалыптастыру және оны оқу үдерісінде өзектендірудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін эмпирикалық тұрғыдан анықтауға бағытталды. Зерттеу аясында студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатысу деңгейі, сондай-ақ олардың мотивациялық, когнитивтік және тұлғалық алғышарттары кешенді түрде талданды.

Зерттеуде жүйелі-әдіснамалық тәсіл қолданылып, теориялық негізін тұлғалық-іс-әрекеттік, мәдени-әлеуметтік және құзыреттілікке негізделген бағыттар құрады. Бұл тәсіл зерттеушілік әлеуетті тұлғаның ішкі психологиялық ресурстары мен сыртқы педагогикалық ықпалдардың өзара әрекеттестігі нәтижесінде қалыптасатын көпқұрылымды феномен ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу базасы ретінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің «Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы» және «ЖОО-ға дейінгі дайындық» кафедралары алынды.

Эмпирикалық зерттеу 2024 жылғы қараша мен 2025 жылғы маусым аралығында жүргізілді. Зерттеуге Қытай, Түркия, Корея, Өзбекстан және Моңғолия елдерінен келген 150 шетелдік студент қатысты: іріктеме эксперименттік (n=75) және бақылау (n=75) топтарына бөлінді. Қатысушылардың жасы 18-21 жас аралығын қамтыды.

Зерттеу барысында студенттердің этникалық, тілдік және мәдени ерекшеліктері ескеріліп, көпмәдениетті академиялық орта жағдайында зерттеушілік әлеуетті неғұрлым объективті талдауға мүмкіндік жасалды.

Зерттеу әдістері мен материалдарына қол жеткізу бірнеше өзара байланысты кезеңдер арқылы жүзеге асырылды. Теориялық негізді қалыптастыру мақсатында отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге (халықаралық дерекқорлар, электронды кітапханалар, монографиялар мен мақалалар) жүйелі шолу жүргізілді.

Эмпирикалық кезеңде факультет әкімшілігінің ресми рұқсаты негізінде зерттеуге қатысушылар іріктеліп, олардың қатысуы ерікті түрде ұйымдастырылды. Қатысушыларға зерттеудің мақсаты мен мазмұны алдын ала түсіндірілді.

Негізгі зерттеу әдістері ретінде психологиялық-педагогикалық сауалнама, жартылай құрылымдалған сұхбат және бақылау қолданылды. Сауалнама Google Forms платформасында онлайн форматта жүргізіліп, оның құрылымы студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатысу формаларын, кездесетін қиындықтарды, белсенділік деңгейін, ғылыми жұмыстың маңыздылығын және ынталандыру факторларын анықтауға бағытталған бес бөлімнен тұрды.

Жиналған деректер сандық және сапалық әдістер арқылы өңделіп, статистикалық талдау құралдары қолданылды. Зерттеу этикалық талаптарға сәйкес жүргізілді: қатысушылардың ерікті қатысуы қамтамасыз етіліп, алынған мәліметтердің құпиялығы сақталды және деректер тек ғылыми мақсатта пайдаланылды.

Талдау мен нәтижелер

Шетелден студенттердің зерттеушілік әлеуетін қалыптастыру үдерісі мақсатты ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық ықпал жүйесі негізінде жүзеге асырылды. Үдеріс ішкі мотивацияны дамытуға бағытталған тренингтер мен рефлексивті тапсырмаларды, зерттеу дағдыларын қалыптастыруға арналған практикалық сабақтарды (тақырып таңдау, ғылыми мәселені тұжырымдау, ақпарат көздерін іріктеу, академиялық жазылым) сондай-ақ ғылыми жетекшілік арқылы жеке зерттеу траекториясын айқындауды қамтыды.

Студенттердің ғылыми ортаға интеграциялануын қамтамасыз ету мақсатында олар ғылыми жобаларға, конференцияларға және бірлескен жарияланымдарға тартылды. Нәтижесінде, зерттеушілік әлеует студенттің ішкі психологиялық ресурстары мен сыртқы педагогикалық қолдау тетіктерінің өзара ықпалдауы арқылы қалыптасатын кешенді жүйе ретінде айқындалды.

Жүргізілген эмпирикалық зерттеу шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін өзектендіру үдерісінің күрделі әрі көпфакторлы психологиялық-педагогикалық құбылыс екенін көрсетті. Зерттеу үш кезең бойынша ұйымдастырылды: бастапқы диагностика, қалыптастырушы эксперимент және қорытынды бақылау.

Бастапқы диагностика нәтижелері эксперименттік ($n=75$) және бақылау ($n=75$) топтарының зерттеушілік әлеует деңгейі бойынша өзара шамалас екенін көрсетті. Бұл олардың бастапқы біртектілігін айқындап, кейінгі нәтижелерді салыстырмалы түрде объективті талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің бастапқы кезеңінде шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатысу деңгейін, зерттеушілік әлеует көрсеткіштерін және оған әсер ететін негізгі факторларды анықтау мақсатында кешенді диагностика жүргізілді. Осы мақсатта бақылау, жеке әңгімелесу, құрылымдалған сауалнама және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Сұхбат барысында студенттердің ғылыми жұмысқа қатысу тәжірибесі, кездесетін қиындықтары, ішкі уәждері мен академиялық бейімделу ерекшеліктері бойынша сапалық деректер жиналды. Осы мәліметтер негізінде әзірленген сауалнама негізгі диагностикалық құрал ретінде пайдаланылды.

Сауалнама студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатысу формаларын, кездесетін қиындықтарды, белсенділік деңгейін, ғылыми жұмыстың маңыздылығына көзқарасын және ынталандыру тетіктерін анықтауға бағытталды.

Бірінші бөлімде студенттердің университет жағдайында ғылыми-зерттеу жұмысының қандай түрлеріне қатысатыны анықталды. Бұл олардың ғылыми жобаларға қатысу белсенділігін, ғылыми мақалалар әзірлеуін, конференцияларға қатысуын, зертханалық жұмыстарға тартылуын, сондай-ақ ғылыми үйірмелер мен шығармашылық бірлестіктердегі белсенділігін бағалауға мүмкіндік берді.

Екінші бөлім ғылыми-зерттеу жұмысы барысында кездесетін негізгі қиындықтарды айқындауға бағытталды. Мұнда тілдік кедергілер, әдістемелік дайындықтың жеткіліксіздігі, уақыт тапшылығы, материалдық және ақпараттық ресурстарға қолжетімділіктің шектеулілігі, сондай-ақ ғылыми жетекшімен өзара әрекеттесу деңгейі қарастырылды.

Үшінші бөлім студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу деңгейін субъективті бағалауға арналды. Респонденттер өз белсенділігін «жоғары», «орташа», «төмен» деңгейлер бойынша немесе «ғылыми жұмысқа мүлде қатыспаймын» деген нұсқа арқылы бағалады.

Төртінші бөлім ғылыми-зерттеу жұмысына қатысудың студент үшін маңыздылығын анықтауға бағытталды. Мұнда білімді тереңдету, практикалық тәжірибе жинақтау, кәсіби даму, сыни ойлауды қалыптастыру, тілдік құзыреттілікті жетілдіру және болашақ кәсіби қызметке дайындық сияқты аспектілер қамтылды.

Бесінші бөлім ғылыми-зерттеу жұмысына ынтаны арттыру жолдарына қатысты студенттердің пікірлерін анықтауға арналды. Алынған нәтижелер ғылыми жетекші тарапынан қолдауды күшейту, материалдық және моральдық ынталандыру жүйесін жетілдіру, қолайлы ғылыми орта қалыптастыру, халықаралық академиялық бағдарламаларға тарту және зерттеушілік дағдыларды дамытуға бағытталған арнайы курстар ұйымдастыру қажеттігін көрсетті.


Осылайша, сауалнаманың құрылымы зерттеушілік әлеуеттің негізгі компоненттерін кешенді түрде қамтып, шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатысу ерекшеліктерін жан-жақты талдауға мүмкіндік берді. Сауалнаманың мазмұндық және құрылымдық сәйкестігі оның валидтілігін қамтамасыз етсе, алынған нәтижелерді нақты ғылыми белсенділік көрсеткіштерімен салыстыруға жағдай жасады.

Бастапқы диагностика екі топта да ғылыми-зерттеу белсенділігінің жеткіліксіз екенін көрсетті. Студенттердің басым бөлігі ғылыми-зерттеу жұмысына жүйелі түрде тартылмағанын, зерттеу барысында тілдік және әдістемелік қиындықтарға тап болатынын, сондай-ақ, ғылыми жетекші тарапынан қолдаудың жеткіліксіздігін атап өтті. Сонымен қатар, респонденттердің көпшілігі ғылыми-зерттеу жұмысының кәсіби маңыздылығын мойындағанымен, оған тұрақты қатысу үшін ұйымдастырушылық және әдістемелік қолдау қажеттілігі анықталды. Бұл зерттеушілік әлеуеттің өздігінен емес, мақсатты ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық қолдау арқылы дамитынын көрсетті.

Қалыптастырушы кезеңде эксперименттік топта зерттеушілік әлеуетті дамытуға бағытталған арнайы ықпал ету жүйесі енгізілді. Ол мотивацияны күшейтуге, ғылыми қызығушылықты арттыруға, әдістемелік сауаттылық пен ғылыми коммуникация дағдыларын дамытуға және психологиялық кедергілерді азайтуға бағытталды. Ал бақылау тобында оқу үдерісі дәстүрлі форматта жалғастырылды.

Қайта диагностика нәтижелері эксперименттік және бақылау топтар арасында мәнді айырмашылықтардың қалыптасқанын көрсетті.

1-суретте көрсетілгендей, эксперименттік топта «ғылыми-зерттеу жұмысына жоғары деңгейде қатысамын» деп жауап берген студенттердің үлесі бастапқы кезеңдегі 21,5%-дан қорытынды кезеңде 25,2%-ға дейін артты. Бақылау тобында да белгілі бір өсім байқалды (18,3%-дан 20,5%-ға дейін), алайда эксперименттік топтағы өзгеріс неғұрлым айқын болды. Бұл енгізілген психологиялық-педагогикалық ықпалдың тиімділігін көрсетеді және студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу белсенділігінің артқанын дәлелдейді.




1-сурет – Студенттердің ғылыми-зерттеу ісіне қатысу деңгейі

2-суретте көрсетілгендей, эксперименттік топта ғылыми зерттеу тақырыбын таңдауда қиындықтарға тап болатын студенттердің үлесі бастапқы кезеңде 20,3%-ды құраса, қорытынды кезеңде 15,1%-ға дейін төмендеді. Бақылау тобында бұл көрсеткіш 23,1%-дан 20,2%-ға дейін ғана азайғаны байқалды.

Алынған нәтижелер эксперименттік топтағы студенттердің ғылыми бағдарлану деңгейінің артқанын, зерттеу мәселесін анықтау дағдыларының қалыптасып келе жатқанын және дербес академиялық шешім қабылдау қабілетінің нығайғанын көрсетеді.

Эксперименттік топтағы көрсеткіштердің едәуір төмендеуі студенттердің зерттеу тақырыбын таңдауда кездесетін қиындықтарды жүйелі түрде еңсеруге бейімделгенін аңғартады. Бұл, өз кезегінде, енгізілген психологиялық-педагогикалық ықпал ету жүйесінің тиімділігін айғақтайды.


Нәтижелерді мазмұндық тұрғыдан талдау, зерттеу тақырыбын таңдау үдерісінің тек когнитивтік дағдылармен шектелмейтінін, оның ғылыми бағдарлану деңгейімен, өзіндік тиімділікпен және ішкі мотивациямен тығыз байланысты екенін көрсетті.



2-сурет – Студенттердің ғылыми тақырып таңдаудағы қиындықтары

3-суретте студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуға дайындығының динамикасы көрсетілген. Зерттеудің бастапқы кезеңінде ғылыми-зерттеу жұмысына белсенді қатысуға дайын екенін білдірген студенттердің үлесі эксперименттік топта 19,5%-ды құраса,

қорытынды кезеңде бұл көрсеткіш 23,5%-ға дейін артты. Бақылау тобында аталған көрсеткіш 14,6%-дан 17,5%-ға дейін ғана өсті.



3-сурет – Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуға дайындығы

Алынған нәтижелер эксперименттік топтағы студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне деген ішкі қызығушылығының артқанын, мотивациялық бағыттылығының күшейгенін және белсенді қатысуға дайындық деңгейінің жоғарылағанын көрсетеді.


Эксперименттік және бақылау топтары арасындағы айырмашылықтарды салыстырмалы талдау эксперименттік топта жүзеге асырылған психологиялық-педагогикалық ықпал ету жүйесінің тиімділігін айғақтайды. Эксперименттік топтағы студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуға дайындық деңгейінің артуы олардың мотивациялық құрылымында сапалық өзгерістердің орын алғанын көрсетеді. Бұл өзгерістер студенттердің ғылыми қызметке деген ішкі уәждерінің күшеюімен және зерттеушілік әрекетке бағытталған тұлғалық ұстанымдарының қалыптасуымен сипатталады.

Зерттеу нәтижелері шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қызығушылығын арттыруда мақсатты түрде ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық ықпалдың маңызды рөл атқаратынын нақтылай түседі. Эксперименттік топтағы көрсеткіштердің айтарлықтай өсуі студенттердің ғылыми жұмысқа қатысуы олардың ішкі мотивациялық ресурстарының белсендірілуімен тікелей байланысты екенін көрсетеді.

Бақылау тобындағы өзгерістердің салыстырмалы түрде әлсіз болуы оқу үдерісінде арнайы ұйымдастырылған педагогикалық ықпалдың болмауымен түсіндіріледі. Бұл жағдай студенттердің ғылыми-зерттеу белсенділігі өздігінен қалыптаспайтынын, керісінше, жүйелі педагогикалық қолдау арқылы дамитынын дәлелдейді.

Жалпы алғанда, салыстырмалы талдау эксперименттік топта жүзеге асырылған психологиялық-педагогикалық ықпал ету жүйесінің студенттердің мотивациялық құрылымына сапалық өзгеріс енгізгенін көрсетті. Сонымен қатар, эксперименттік топтағы студенттердің ғылыми ақпаратпен жұмыс істеу, деректерді талдау және зерттеу нәтижелерін рәсімдеу дағдыларының да сапалық тұрғыдан жақсарғаны байқалды.

4-суретте студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу мотивтері салыстырмалы түрде талданды. Эксперименттік топтағы студенттердің 27,3%-ы ғылыми-зерттеу жұмысына қатысудың негізгі нәтижесі ретінде «зияткерлік қабілеттерді дамыту» нұсқасын тандаса, бақылау тобында бұл көрсеткіш 23,1%-ды құрады. Бұл эксперименттік топтағы студенттердің ғылыми іс-әрекеттің тұлғалық-дамытушылық маңызын тереңірек ұғына бастағанын көрсетеді.




4-сурет – Ғылыми-зерттеу жұмысының тиімділігі

Сонымен қатар, бақылау тобындағы студенттердің 18,7%-ы ғылыми-зерттеу жұмысын «академиялық талаптарды орындау» қажеттілігімен байланыстырса, эксперименттік топта бұл көрсеткіш 20,1%-ды құрады. Аталған дерек ғылыми-зерттеу жұмысының белгілі бір деңгейде әлі де сыртқы талаптармен байланыстырылып қабылданатынын көрсеткенімен, эксперименттік топтағы мотивациялық құрылымның мазмұндық әртүрлілігі ішкі уәждердің күшейгенін аңғартады. Жалпы алғанда, алынған нәтижелер сыртқы мотивтерден ішкі мотивтерге қарай бағытталған оң трансформацияның бар екенін көрсетті.

Осылайша, зерттеу нәтижелері эксперименттік топтағы студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуы формалды талаптарды орындаумен ғана шектелмей, олардың ішкі уәждерінің, тұлғалық қызығушылықтарының және зияткерлік даму қажеттіліктерінің күшеюімен сипатталатынын дәлелдейді.

Бұл қорытынды А. Бандура еңбектерінде негізделген өзіндік тиімділік тұжырымдамасымен, сондай-ақ Л.В. Ведерникова мен Е.В. Кузеванова зерттеулеріндегі ғылыми пайымдаулармен мазмұндық тұрғыдан сәйкес келеді. Атап айтқанда, студенттердің ғылыми белсенділігі олардың ішкі мотивация деңгейімен және өзіндік тиімділік сенімімен тығыз байланысты екені тағы да нақтыланды [6; 7].



5-сурет – Ғылыми-зерттеу жұмысына ынтаны арттыру жолдары

5-суретте ғылыми-зерттеу жұмысына ынтаны арттыру жолдарына қатысты эмпирикалық деректер жүйеленді. Эксперименттік топтағы студенттер ғылыми белсенділікті арттырудың неғұрлым тиімді тәсілдері ретінде «бірлескен ғылыми жарияланымдарға қатысуды» (22,5%) және «ғылыми жобаларға тартылуды» (17,7%) басым таңдаса, бақылау тобында бұл көрсеткіштер тиісінше 16,5% және 13,2% деңгейінде болды.

Аталған айырмашылық эксперименттік топтағы студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының мазмұны мен практикалық маңызын тереңірек түсіне бастағанын көрсетеді.

Алынған нәтижелер эксперименттік топта ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатысу тетіктерін қабылдау құрылымында сапалық өзгерістердің орын алғанын дәлелдейді. Атап айтқанда, жеке орындаушылықтан ұжымдық ғылыми әрекетке, пассивті қатысудан белсенді ғылыми интеграцияға бағытталған оң динамика байқалды. Бұл студенттердің ғылыми қауымдастыққа кірігуге, бірлескен зерттеу тәжірибесін меңгеруге және академиялық өзара әрекеттестікті дамытуға ұмтылысын айғақтайды.

Сонымен қатар анықталған өзгерістер тұлғаның ішкі мотивациясын түсіндіретін Э. Деси мен Р. Райан ұсынған өзін-өзі анықтау теориясының негізгі қағидаларымен мазмұндық тұрғыдан үйлеседі [8].

Зерттеу нәтижелері шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатысу ынтасын арттыруда бірлескен ғылыми әрекетке бағытталған психологиялық-педагогикалық жүйенің тиімділігін дәлелдеп, ұсынылған ғылыми болжамның дұрыстығын растайды.

Зерттеу нәтижелерін визуализациялау барысында эксперименттік топтың көрсеткіштері сары-қызылт, ал бақылау тобының нәтижелері көк түспен белгіленді. Мұндай визуалды кодтау екі топ арасындағы айырмашылықтарды айқын көрсетуге және деректерді салыстырмалы талдаудың нақтылығын арттыруға мүмкіндік берді.

Визуализация құралдарын қолдану шетелдік студенттердің зерттеушілік қабілеттерінің даму динамикасын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне деген қызығушылық деңгейін, белсенділік көрсеткіштерін, сондай-ақ зерттеу үдерісінде кездесетін негізгі кедергілер мен мотивациялық факторларды кешенді түрде сипаттауға мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда, қорытынды бақылау нәтижелері эксперименттік топтағы студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қызығушылығы мен белсенділігінің артқанын, зерттеушілік дағдыларының дамығанын және ғылыми тапсырмаларды орындау сапасының жақсарғанын көрсетті. Сонымен қатар, ғылыми ақпаратпен жұмыс істеу және деректерді талдау дағдыларының сапалық тұрғыдан жетілуі студенттерде өзін-өзі реттеу механизмдерінің қалыптасқанын аңғартады.

Студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің әртүрлі формаларына қатысу деңгейін талдау эксперименттік топтағы білім алушылардың ғылыми байқауларға, жобаларға және зерттеушілік бастамаларға неғұрлым белсенді қатысатынын айқындады. Бұл олардың зерттеушілік ұстанымының қалыптасқанын және тәжірибелік зерттеу дағдыларының дамығанын көрсетеді. Жалпы алғанда, алынған нәтижелер енгізілген психологиялық-педагогикалық ықпалдың тиімділігін дәлелдейді. Бұл нәтиже Барри Зиммерман негіздеген өзін-өзі реттелетін оқу теориясының қағидаларымен мазмұндық тұрғыдан үйлеседі [9].

Зерттеу нәтижелері педагогика ғылымындағы классикалық теориялық тұжырымдармен де өзара сәйкес келеді. Атап айтқанда, В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев және Е.Н. Шиянов еңбектерінде негізделген тұлғаны дамытудағы тәрбиенің жетекші рөлі, оқыту мен тәрбиенің бірлігі, сондай-ақ білім беру үдерісіндегі субъект-субъектілік өзара әрекет пен оқу мотивациясын қалыптастыру қағидалары зерттеу нәтижелерімен эмпирикалық тұрғыдан дәлелденді [10].

Алынған нәтижелерді жалпылау негізінде шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін тиімді дамытуға бағытталған бірқатар басым бағыттар айқындалды.

Біріншіден, шетелдік студенттер үшін ғылыми-зерттеу жұмысына бағдарланған арнайы бағдарламалар мен тренингтерді жүйелі түрде ұйымдастыру қажеттілігі анықталды.

Екіншіден, студенттерді ғылыми жобаларға, конференцияларға және зерттеу топтарының жұмысына белсенді тарту олардың зерттеушілік тәжірибесін кеңейтудің маңызды шарты болып табылады.

Үшіншіден, академиялық тілдік құзыреттілікті дамыту мақсатында қосымша тілдік курстарды енгізу және академиялық жазу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған семинарлар өткізу қажеттілігі негізделді.

Төртіншіден, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты кеңейту, атап айтқанда, академиялық алмасу бағдарламалары, тағылымдамалар және бірлескен зерттеулер арқылы жүзеге асыру маңызды бағыттардың бірі ретінде белгіленді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне белсенді қатысуына кедергі келтіретін бірқатар психологиялық және педагогикалық факторлар айқындалды.

Атап айтқанда, тілдік қиындықтар, әлеуметтік және мәдени бейімделу мәселелері, ішкі мотивация деңгейінің жеткіліксіздігі, сондай-ақ зерттеушілік дағдылардың толық қалыптаспауы олардың ғылыми ортаға тиімді интеграциялануын шектейтін негізгі тосқауылдар ретінде анықталды. Осыған байланысты аталған кедергілерді еңсерудің тиімді жолдары жүйеленіп, 1-кестеде ұсынылды.

1-кесте – Шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін өзектендіруге кедергі келтіретін факторлар және оларды еңсеру жолдары

Кедергі факторлар	Еңсеру жолдары
Тілдік бейімделу қиындығы	Қосымша тілдік курстар, академиялық жазу бойынша тренингтер
Мотивацияның төмендігі	Мотивациялық семинарлар, ғылыми жобаларға тарту.
Әлеуметтік бейімделудің жеткіліксіздігі	Бейімдеуші бағдарламалар, мәдени іс-шараларға қатыстыру
Зерттеу дағдыларының жетілмегендігі	Ғылыми-зерттеу әдістемесі бойынша практикалық сабақтар
Мәдени айырмашылықтар	Мәдениетаралық тренингтер өткізу, халықаралық ғылыми топтарға біріктіру

Зерттеу әдістемесі ғылыми таным логикасына сәйкес өзара сабақтас және бірізді кезеңдер жүйесінен тұрды. Бірінші, мақсат қою кезеңінде шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін айқындау, олардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатысу деңгейін бағалау және зерттеу барысында кездесетін негізгі қиындықтарды анықтау міндеттері нақтыланды. Екінші, диагностикалық кезеңде эмпирикалық деректерді жинақтау мақсатында сауалнама, жартылай құрылымдалған сұхбат және бақылау әдістері кешенді түрде қолданылды. Үшінші, аналитикалық кезеңде жиналған деректер салыстырмалы және сапалық-сандық талдау әдістері негізінде өңделді.

Төртінші, бағалау кезеңінде алынған нәтижелер негізінде шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін дамытуға ықпал ететін психологиялық және педагогикалық факторлар айқындалып, қолданылған педагогикалық ықпал ету тетіктерінің тиімділігі сараланды.

Бесінші, қорытынды кезеңде зерттеу нәтижелері жүйеленіп, теориялық және практикалық тұрғыдан негізделді. Осылайша, зерттеу әдістемесі кезең-кезеңімен ұйымдастырылып, әрбір кезеңнің мазмұны зерттеу мақсатына бағытталған тұтас ғылыми жүйені қалыптастырды.

Алынған нәтижелер бұл ұстанымның отандық және шетелдік ғылыми зерттеулермен үйлесетінін көрсетті. Атап айтқанда, С.С. Тауланов және Н.Н. Аширбаева еңбектерінде «зерттеу мәдениеті» ұғымы педагогика ғылымы тұрғысынан кешенді құбылыс ретінде қарастырылып, оның мәні, қызметтері мен құрылымдық компоненттері жан-жақты

сипатталған. Бұл ұғымның негізінде зерттеушілік дағдылардың тұтас жүйесі жататыны айқындалады. Авторлар зерттеу мәдениетінің құрамында интеллектуалдық компоненттің ерекше рөл атқаратынын атап өтіп, оны тұлғаның танымдық белсенділігі мен шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал ететін маңызды фактор ретінде түсіндіреді [11].

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мақсатты түрде ұйымдастырылған ғылыми-білім беру ортасы студенттердің зерттеушілік белсенділігін арттырумен қатар, олардың танымдық және шығармашылық мүмкіндіктерін жүйелі дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, профессор Н.С. Әлқожаева ғылыми-педагогикалық зерттеулерді жоспарлау мен ұйымдастырудың әдіснамалық негіздерін қарастыра отырып, ғылыми-зерттеу қызметін жүйелі ұйымдастырудың маңыздылығын атап көрсетеді [12]. Зерттеулердегі көрсетілген қағидалар зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен валидтілігін қамтамасыз етуге негіз болды.

Ә.М. Болтаева өз зерттеулерінде психологиялық зерттеулерді ұйымдастырудың кезеңдері мен әдістерін талдай отырып, эксперименттік тәсілдердің студенттердің зерттеушілік қабілеттерін айқындаудағы маңызын негіздейді [13]. Бұл тұжырым зерттеу барысында қолданылған диагностикалық және бағалау кезеңдерінің мазмұнымен үйлеседі.

Сондай-ақ, С.Е. Сакипова, Ж.Т. Камбарова, Н.К. Танашева, Ш.Е. Сакипова еңбектерінде студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері қарастырылып, зерттеу нәтижелерін интерпретациялауда теориялық негіз ретінде пайдаланылды [14].

Г. Смағұлова мен Ш.М. Майгельдиеваның ғылыми еңбектерінде ұсынылған зерттеушілік технологиялардың дидактикалық негіздері жоғары оқу орнында студенттердің, соның ішінде шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін дамытуға бағытталған педагогикалық ықпалдың теориялық тұғырын айқындайды [15].

Педагогика ғылымында ғылыми-зерттеу әрекетінің мәні мен мазмұны бірқатар отандық ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Соның ішінде Ш. Таубаева, Г. Мұратбаева және Ж. Әлжанова еңбектерінде ғылыми-зерттеу әрекетінің тұлғаның кәсіби және зияткерлік дамуының маңызды тетігі ретіндегі мәні негізделеді [16]. Бұл тұжырым зерттеу нәтижелерімен расталып, шетелдік студенттердің ғылыми белсенділігінің артуы олардың зерттеушілік мәдениетінің қалыптасуымен тікелей байланысты екенін көрсетеді.

Жүргізілген эмпирикалық зерттеу шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін өзектендіру үдерісінің көпқырлы сипатын ашып қана қоймай, олардың академиялық бейімделуіне ықпал ететін психологиялық және педагогикалық факторларды кешенді түрде негіздеуге мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін дамыту үдерісі мақсатты түрде ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық ықпал жағдайында анағұрлым тиімді жүзеге асатыны ғылыми тұрғыдан дәлелделіп, ұсынылған гипотезаның дұрыстығын растады.

Қорытынды

Жүргізілген эмпирикалық зерттеу шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін өзектендіру үдерісінің көпқырлы психологиялық-педагогикалық сипатқа ие екенін көрсетті. Нәтижелер аталған үдерістің тиімділігі студенттердің мотивациялық, когнитивтік және мінез-құлықтық компоненттерінің өзара ықпалдастығына тәуелді екенін айқындады.

Эксперименттік және бақылау топтарының салыстырмалы талдауы мақсатты ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық ықпал жүйесінің тиімділігін дәлелдеді: эксперименттік топта ғылыми-зерттеу белсенділігі артып, тақырып таңдаудағы қиындықтар азайды, ғылыми жұмысқа дайындық деңгейі мен ішкі мотивация көрсеткіштері жақсарды. Сонымен қатар, ғылыми ақпаратпен жұмыс істеу, деректерді талдау және нәтижелерді рәсімдеу дағдыларының дамуы зерттеушілік мәдениет пен өзін-өзі реттеу механизмдерінің қалыптасқанын көрсетті.

Зерттеу барысында ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатысуды тежейтін негізгі факторлар ретінде тілдік және әлеуметтік-мәдени бейімделу қиындықтары, ішкі мотивацияның жеткіліксіздігі және зерттеу дағдыларының жеткіліксіз қалыптасуы анықталды. Бұл факторлар жүйелі педагогикалық қолдау мен қолайлы академиялық ортаны ұйымдастырудың қажеттілігін негіздейді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін дамыту үдерісі ғылыми негізделген психологиялық-педагогикалық ықпал жағдайында тиімді жүзеге асатынын дәлелдеп, ұсынылған гипотезаны растады. Алынған қорытындылар жоғары оқу орындарында шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын жетілдіруге бағытталған педагогикалық шешімдерді әзірлеуге негіз бола алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бордовская Н.В., Костромина С.Н., Розум С.И., Москвичева Н.Л. Исследовательский потенциал студента: содержание конструкта и методика его оценки // Психологический журнал. – 2017. – Т. 38, №1. С. 52–66.
2. Чувгунова О.А. Реализация исследовательского потенциала студентов в условиях образовательного процесса вуза // Вестник Санкт-Петербургского университета. Серия 12. Психология. Социология. Педагогика. – 2015. – Вып. 1. – С. 78–86.
3. Выготский Л.С. Мышление и речь: психологические исследования. – М.; Л.: Соцэкгиз, 1934. 324 с.
4. Алипина К.Б., Китапбаева А.А. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4 (130). – Б. 344–360. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.28>
5. Бостанова А.М., Саттарбаева А.Т. Студенттерге ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу әдістемесін үйретудің педагогикалық негіздері (зоология пәні мысалында) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №3 (125). – Б. 188–199. <https://doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.16>
6. Bandura A. Self-efficacy: The exercise of control. – New York: Freeman, – 1997. – 604 p.
7. Ведерникова Л.В., Кузеванова Е.В. Сущность и структура исследовательского потенциала студентов педагогического вуза // Вестник Башкирского университета. – 2015. – Т. 20, №1. – С. 285–292.
8. Ryan R.M., Deci E.L. Self-determination theory and the facilitation of intrinsic motivation, social development, and well-being // American Psychologist. – 2000. – Vol. 55, №1. – P. 68–78. <https://doi.org/10.1037/0003-066X.55.1.68>
9. Zimmerman B.J. Self-regulated learning and academic achievement: An overview. // Educational Psychologist. – 2010. – Vol. 25, №1. – P. 3–17. https://doi.org/10.1207/s15326985ep2501_2
10. Слостенін В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. Педагогика: учебное пособие для студентов педагогических вузов. – Москва: Издательский центр «Академия», 2013. – 576 с.
11. Тауланов С.С., Аширбаева Н.Н. Педагогические условия развития интеллекта студентов в рамках исследовательской культуры // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». – 2016. – №3 (49). – С. 35–42.
12. Әлқожаева Н.С. Ғылыми педагогикалық зерттеулердің негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 128 б.
13. Болтаева Ә.М. Психологиялық ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 164 б.
14. Сакипова С.Е., Камбарова Ж.Т., Танашева Н.К., Сакипова Ш.Е. Жоғары оқу орындарының жаратылыстану-ғылыми және техникалық мамандықтары бойынша оқитын студенттерінің зерттеушілік қабілеттіліктерін дамыту // Қарағанды университетінің хабаршысы. «Физика» сериясы. – 2020. – №4 (100). – Б. 105–112. <https://doi.org/10.31489/2020ph4/105-112>
15. Смағұлова Г., Майгельдиева Ш.М. Студенттердің зерттеу қабілеттерін дамыту бағдарламасын өңдейтін теориялық негіздері // Молодой ученый. 2015. – №8 (88). – С. 33–35.
16. Таубаева Ш., Мұратбаева Г., Әлжанова Ж. Педагогикалық-психологиялық зерттеулердің әдіснамасы: сөздік. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 246 б.

REFERENCES

1. Bordovskaia N.V., Kostromina S.N., Rozum S.I., Moskvicheva N.L. Issledovatelski potencial studenta: sodержanie konstrukta i metodika ego ocenki [Student's research potential: the content of the construct and the methodology of its assessment] // Psihologicheski zhurnal. – 2017. – T. 38, №1. S. 52–66. [in Russian]
2. Chuvgunova O.A. Realizacia issledovatelskogo potenciala studentov v usloviakh obrazovatel'nogo processa vuza [Realization of students' research potential in the context of the university's educational process] // Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. Seria 12. Psihologiya. Sociologiya. Pedagogika. – 2015. – Vyp. 1. – S. 78–86. [in Russian]
3. Vygotski L.S. Myshlenie i rech: psihologicheskie issledovaniya [Thinking and Speech: Psychological research]. – M.; L.: Socekgiz, 1934. 324 s. [in Russian]
4. Alipina K.B., Kitapbaeva A.A. Bilim alushylardyn gylimi-zertteu quzyrettiligin qalyptastyru [Formation of research competence of students] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №4 (130). – B. 344–360. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.28> [in Kazakh]
5. Bostanova A.M., Sattarbaeva A.T. Studentterge gylimi-zertteu zhumystaryn zhurgizu adistemesin uiretudin pedagogikalyq negizderi (zoologia pani mysalynda) [Pedagogical foundations of teaching students the methodology of conducting research work (on the example of the discipline Zoology)] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2022. – №3 (125). – B. 188–199. <https://doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.16> [in Kazakh]
6. Bandura A. Self-efficacy: The exercise of control. – New York: Freeman, – 1997. – 604 p.
7. Vedernikova L.V., Kuzevanova E.V. Sushnost i struktura issledovatelskogo potenciala studentov pedagogicheskogo vuza [The essence and structure of the research potential of pedagogical university students] // Vestnik Bashkirskogo universiteta. – 2015. – T. 20, №1. – S. 285–292. [in Russian]
8. Ryan R.M., Deci E.L. Self-determination theory and the facilitation of intrinsic motivation, social development, and well-being // American Psychologist. – 2000. – Vol. 55, №1. – P. 68–78. <https://doi.org/10.1037/0003-066X.55.1.68>
9. Zimmerman B.J. Self-regulated learning and academic achievement: An overview. // Educational Psychologist. – 2010. – Vol. 25, №1. – P. 3–17. https://doi.org/10.1207/s15326985ep2501_2
10. Slastenin V.A., Isaev I.F., Shianov E.N. Pedagogika: uchebnoe posobie dlia studentov pedagogicheskikh vuzov [Pedagogy: a textbook for students of pedagogical universities]. – Moskva: Izdatelski centr «Akademia», 2013. – 576 s. [in Russian]
11. Taulanov S.S., Ashirbaeva N.N. Pedagogicheskie uslovia razvitia intellekta studentov v ramkah issledovatel'skoi kultury [Pedagogical conditions for the development of students' intelligence within the framework of a research culture] // Vestnik KazNU. Seria «Pedagogicheskoe nauki». – 2016. – №3 (49). – S. 35–42. [in Russian]
12. Alqozhaeva N.S. Gylimi pedagogikalyq zertteulerdin negizderi: oqu quraly [Fundamentals of scientific pedagogical research: manual]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2020. – 128 b. [in Kazakh]
13. Boltaeva A.M. Psihologialyq gylimi zertteulerdi uiymdastyru: oqu quraly [Organization of psychological scientific research: manual]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2015. – 164 b. [in Kazakh]
14. Sakipova S.E., Kambarova Zh.T., Tanasheva N.K., Sakipova Sh.E. Zhogary oqu oryndarynyn zharatylystanu-gylimi zhane tehnikalyq mamandyqtary boiynsha oqytyn studentterinin zertteushilik qabiletilikterin damytu [Development of research abilities of students studying in natural-scientific and technical specialties of higher educational institutions] // Qaragandy universitetinin habarshysy. «Fizika» seriasy. – 2020. – №4 (100). – B. 105–112. <https://doi.org/10.31489/2020ph4/105-112> [in Kazakh]
15. Smagulova G., Maigeldieva Sh.M. Studentterdin zertteu qabileterin damytu bagdarlamasynda teoriialyq negizderi [Theoretical foundations of developing a program for the development of research abilities of students] // Molodoi uchenyi. 2015. – №8 (88). – S. 33–35. [in Kazakh]
16. Taubaeva Sh., Muratbaeva G., Alzhanova Zh. Pedagogikalyq-psihologialyq zertteulerdin adisnamasy: sozdik. – Almaty: Qazaq universiteti, 2023. – 246 b. [in Kazakh]

Psychological and Pedagogical Aspects of Developing the Research Potential of International Students

Abstract. The article provides a comprehensive analysis of the psychological and pedagogical aspects of developing the research potential of international students in the context of the globalization of higher education. The main objective of the study is to identify personal, motivational, and socio-pedagogical factors that contribute to the development of international students as full-fledged subjects of research activity within the academic environment.

The authors examine research potential as a multidimensional phenomenon and substantiate the significant role of intrinsic motivation, academic self-efficacy, socio-cultural adaptation, pedagogical support, and the characteristics of the educational environment in its formation. In addition, through the analysis of psychological and pedagogical aspects, key factors that enhance international students' interest in research activities are identified.

The research findings include practical recommendations aimed at creating favorable conditions for the effective use and further development of international students' scientific potential. The empirical study was conducted among international students at Al-Farabi Kazakh National University. The results demonstrate that systematic engagement of international students in research activities increases their cognitive activity, enhances academic autonomy, and positively influences their professional self-development. Based on the obtained results, psychological and pedagogical recommendations for the effective development of international students' research potential are proposed.

Keywords: international students, research potential, psychological and pedagogical support, research interest, academic environment, motivation.

Психолого-педагогические аспекты формирования исследовательского потенциала иностранных студентов

Аннотация. В статье комплексно рассматриваются психологические и педагогические аспекты формирования исследовательского потенциала иностранных студентов в условиях глобализации системы высшего образования. Цель исследования заключается в выявлении личностных, мотивационных и социально-педагогических факторов, способствующих становлению иностранных обучающихся как полноценных субъектов исследовательской деятельности в академической среде.

Авторы рассматривают исследовательский потенциал как многокомпонентный феномен и обосновывают значимую роль внутренней мотивации, научной самоэффективности, социокультурной адаптации, педагогической поддержки и особенностей образовательной среды в процессе его формирования. Кроме того, на основе анализа психологических и педагогических аспектов определяются ключевые факторы, способствующие повышению интереса иностранных студентов к научно-исследовательской деятельности.

Результаты исследования включают практические рекомендации, направленные на создание условий для эффективного использования и дальнейшего развития научного потенциала иностранных студентов.

Эмпирическое исследование проведено среди иностранных студентов Казахского национального университета имени аль-Фараби. Полученные данные свидетельствуют о том, что систематическое вовлечение иностранных студентов в научно-исследовательскую деятельность способствует повышению их познавательной активности, развитию академической самостоятельности и профессиональному саморазвитию. На основе полученных результатов предложены психолого-педагогические рекомендации, направленные на эффективное развитие исследовательского потенциала иностранных студентов.

Ключевые слова: иностранные студенты, исследовательский потенциал, психолого-педагогическая поддержка, научный интерес, академическая среда, мотивация.

Авторлар туралы мәлімет

Амирканов М.Б. – корреспондент-автор, PhD докторант, Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail: make_210774@mail.ru, Қазақстан, Алматы қ.

Кудайбергенова А.М. – педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail: aliya.kudaybergenova@kaznu.edu.kz, Қазақстан, Алматы қ.
Гелишли Ю. – доктор, профессор, Гази университеті, e-mail: yucelgelisli@gmail.com, Түркия, Анкара қ.

Information about the authors

Amirkanov M.B. – The Corresponding Author, PhD Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University, e-mail: make_210774@mail.ru, Kazakhstan, Almaty.

Kudaybergenova A.M. – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, e-mail: aliya.kudaybergenova@kaznu.edu.kz, Kazakhstan, Almaty.

Gelishli Y. – Doctor, Professor, Gazi University, e-mail: yucelgelisli@gmail.com, Turkey, Ankara.

Сведения об авторах

Амирканов М.Б. – автор-корреспондент, PhD докторант, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, e-mail: make_210774@mail.ru, Казахстан, г. Алматы.

Кудайбергенова А.М. – кандидат педагогических наук, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, e-mail: aliya.kudaybergenova@kaznu.edu.kz, Казахстан, г. Алматы.

Гелишли Ю. – доктор, профессор, Университет Гази, e-mail: yucelgelisli@gmail.com, Турция, г. Анкара.